Кезектен тыс педагогикалық отырыс хаттамасы

Күні:15. 06. 2023 жыл

Қатысқан: 13 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылы бойынша мектептің өзін-өзі бағалауын жүргізу туралы

Осы мәселе бойынша сойлегендер:

1. Алғаш сөз алған мектеп директоры А.К.Ерубаева аудандық Білім бөлімінен келген хатпен таныстырып, өткен оқу жылы бойынша Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті жыл сайын білім беру ұйымдарында ҚР Білім туралы Заңының 56 бабының 1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру жүргізілетінін айтты. Өзін-өзі бағалау жүргізу мақсатында арнайы комиссия құрылып, бұйрық шығарылды. Мектептің өзін-өзі бағалауы бойынша әр мұғалім есеп жасап, оқу ісі меңгерушісіне және тәрбие ісінің меңгерушісіне тапсыру керектігі айтылды. 30 маусымға дейін тиісті құжаттарды жинақтап, электронды түрде akmola_control@mail.ru почтасына материалдарды жүктеген және мектеп сайтының мекен жайын көрсете отырып ілеспе хат жолдайтынымыз айтылып, аталмыш жұмысты уақытында, әрі сапалы түрде орындау керектігі айтылды.
2. Оқу ісінің меңгерушісі Дюсембекова Алмагүл мұғалімдерді ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 12 қыркүйек күнгі №396 бұйрығымен таныстыра отырып, білім беру ұйымдарынынөзін-өзі бағалауын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыныммен және жалпы ережелермен таныстырып өтті.

Қабылданған қаулы:

1. Педагогикалық кеңестің шешімімен өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін Қызылүйым ауылының негізгі орта мектебінен арнайы комиссия құрылсын.
2. Мектептің өзін-өзі бағалау жұмыстары уақытында әрі сапалы түрде мектеп сайтына жүктелсін.

Мектеп директоры: Д.Қ. Ерубаева

Хатшы: А. Дюсембекова